

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

21.04.2021ж. жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары
Р.В. Склярға

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Бүгінгі таңда еліміздің климаттық ерекшеліктеріне бейімделген отандық асыл тұқымды малдардың сапасын арттыру өзекті мәселе болып отыр. 2020 жылдың қорытындысы бойынша асыл тұқымды малдарды есепке алудың мемлекеттік тіркелімінің деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасының облыстары бойынша асыл тұқымды ірі қара мал басы жалпы мал басының 8,8% - нан 16,3% - на дейін құрайды. 2020 жылы 7 777 шетелдік асыл тұқымды мал әкелінді. Асыл тұқымды ІҚМ санының өсуі жылдар бойынша 1% - дан аспайды. Салаға субсидиялау түрінде жеткілікті көп қаражат бөлінгенімен, өсу қарқынының мұндай төмендігі саланы дамыту тәсілдерін қайта қарау қажеттігін көрсетеді.

Отандық асыл тұқымды ауылшаруашылық малдары сапасы мен өнімділігі бойынша импорттан кем түспейді.

Мысалы, біздің елде шығарылған «Қазақтың ақбас» тұқымы көрші Ресей Федерациясынан сатып алынады.

Импорттық мал отандық малға қарағанда 2-3 есе қымбат екенін ескере отырып, бюджет қаражатының шет елдерге кетіп, сол арқылы олардың экономикасын көтереді деп болжауға барлық негіз бар.

Мәселен, шетелден сатып алынған ірі қара малының бір басына субсидиялар нормативі 300 мың теңгені құрайды, ал өзімізде өсірілген дәл осындай асыл тұқымды ірі қара малының бір басына одан екі есе аз берілетінін айтсақ, бұл отандық мал өсірушілердің еңбегін қолдаудың деңгейін көрсетеді.

Мал шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау шараларын толық қаржылық қамтамасыз етілмеуі үлкен проблемаға алып келеді. Мысалы, Ақмола

облысы бойынша ағымдағы жылы қамтамасыз етілу қажеттіліктің тек 34% – ын, Ақтөбе облысы бойынша - 67,8% - ын құрайды. Кейбір бағыттар бойынша өнім өндіру еселеп ұлғайса да, қаржыландырудың жоспарлы лимиттері соңғы жеті жыл ішінде өзгерген жоқ.

Мал шаруашылығының жағдайын жақсарту, атап айтқанда асыл тұқымды малдың отандық селекциясының гендік қорын ұлғайту, сондай-ақ сүт пен ет өндірісін одан әрі арттыру үшін инвестициялық жобаларды іске асырудың маңыздылығын ескере отырып:

1) ҚР АШМ әзірлеп жатқан Қазақстан Республикасының 2022 – 2026 жылдарға арналған Аграрлық-өнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде осы жобаларды шешуді;

2) Асыл тұқымды ірі қара малының субсидиялау нормативтерін ұлғайту арқылы отандық асыл тұқымды мал басын көбейтуге, оның ішінде селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс нормативтерін ұлғайтуға бағытталған пәрменді шаралар қабылдау, сондай-ақ отандық асыл тұқымды шаруашылықтардан сатып алуға жеңілдікпен кредит берудің пайыздық мөлшерлемесін төмендету;

3) Сүт-тауар фермаларының құрылысы капиталды және энергияны көп пайдаланатын болғандықтан, несиелеудің пайыздық мөлшерлемесін төмендетіп, қайтарымы мен негізгі борышты өтеу бойынша кемінде 3 жыл жеңілдікті кезең енгізуді сұраймыз.

Осылайша, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолжетімді қаржыландыру мәселелерінің шешілуі отандық өнім өндірісін ұлғайтуға және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Депутаттық сауалға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**А.Бердалин
А. Үйсiмбаев
Қ. Абасов
Ф. Қаратаев
М. Төлепберген
Б. Бекжанов**

*Орындаушы: Қ.Тәкібай
Тел.: 74 61 47*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

Оглашен 21.04.2021 г.

**Заместителю Премьер-Министра
Республики Казахстан
Р. В. Скляру**

Депутатский запрос

Уважаемый Роман Васильевич!

На сегодняшний день актуальным вопросом является повышение качества отечественных племенных животных, особенно адаптированных к климатическим особенностям страны.

По итогам 2020 года согласно данным государственного регистра учета племенных животных поголовье племенного крупного рогатого скота по областям Республики Казахстан составляет от 8,8% до 16,3% к общему поголовью. В 2020 году было завезено 7 777 голов зарубежной селекции. Увеличение численности завезенного племенного поголовья КРС по годам не превышает 1%. Такие невысокие темпы роста при том, что на отрасль выделяются достаточно большие средства в виде субсидирования свидетельствуют о необходимости пересмотра подходов развития отрасли.

Отечественные племенные с/х животные не уступают импортным по качеству и продуктивности.

К примеру «казахская белоголовая» порода, которая выведена в нашей стране, закупается в соседней Российской Федерации.

Учитывая, что импортный скот дороже в 2-3 раза чем отечественный, имеются все основания полагать, что идет отток бюджетных средств в зарубежные страны, тем самым поднимая их экономику.

Так, норматив субсидий на одну голову КРС приобретенного за рубежом составляет 300 тыс. тенге, тогда как на выращенный у нас в стране такой же племенной скот в два раза ниже, что показывает на уровень поддержки отечественных животноводов.

Большой проблемой является вопрос неполного финансового обеспечения мер государственной поддержки отрасли животноводства. Так, на примере по Акмолинской области обеспеченность в текущем году составляет лишь 34%, по

Актюбинской области – 67,8% от потребности. Плановые лимиты финансирования не менялись на протяжении последних семи лет при том, что производство продукции по некоторым направлениям увеличились в разы.

Для улучшения состояния животноводства, в частности увеличения генофонда отечественной селекции племенного скота, а также принимая во внимание важность реализации инвестиционных проектов для дальнейшего наращивания производства молока и мяса считаем необходимым:

1) В рамках, разрабатываемого МСХ РК национального проекта по развитию Агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2022 – 2026 годы предусмотреть решение данных проектов;

2) Принять действенные меры, направленные на увеличение отечественного племенного поголовья через увеличение нормативов субсидирования, в том числе селекционной и племенной работы, а также снизить процентную ставку льготного кредитования сельхозпроизводителей на закуп племенного КРС у отечественных племенных хозяйств;

3) Так как строительство молочно-товарных ферм является капиталоемким и энергоёмким снизить процентную ставку кредитования и ввести льготный период по погашению кредита **не менее, чем 3 года.**

Таким образом решение вопросов доступного финансирования сельскохозяйственных производителей окажет влияние на увеличение производства отечественной продукции и обеспечение продовольственной безопасности страны.

Просим дать ответ на депутатский запрос в соответствии с законодательством Республики Казахстан в письменном виде.

**С уважением,
Депутаты
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
члены Фракции партии «Nur Otan»**

А. Бердалин

А. Уисимбаев

К. Абасов

Ф. Каратев

М. Тулепберген

Б. Бекжанов

*Исполнитель: К.Такибай
Тел.: 74 61 47*